

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: бөбекжай-балабақшасы «Дарын»

Топ: ортаңғы «Еркетай»

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.05 - 17.05.2024ж.

Педагогтың аты-жөні __ Курманбаева Ж.К.

Апта қүндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызынын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел ұсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бұрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен сумен бұрку.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтарды тәртіpte ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.
	Саусақ жаттығу. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға педагогке еліктеп қимылдарды саусақтарымен жасауга, жаңбырдың	Саусақ жаттығу. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуга дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығулар. "Бір бидай – бес қап" ертеғісін әңгімелу. Мақсат-міндеттер: Балаларды "Бір	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл мезгілдерін белгілеріне қарай атауды үйрету; ойлауды, есте	"Не қайда өседі?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік

	<p>сипатын қабылдауға ынталандыру.</p> <p>Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)</p> <p>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)</p> <p>Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау)</p> <p>Жамылып, отырайық (алакандармен бас төбесін жабу).</p> <p>Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мұзрафар Әлімбаев "Он саусақ".</p> <p>Жалғыз саусақ тіпті де, (сұқ саусақты ашамыз, қайта жұмамыз)</p> <p>Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, (бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз)</p> <p>Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, (бас бармақ пен сұқ саусақты және ортанғыны қосып кимыл жасаймыз)</p> <p>Жүгіртеді қаламды. Өнерлі еken он саусақ! (он саусақты көрсетеміз)</p> <p>Қала салсақ, жол салсақ. (қолымызды алға қарай созамыз) (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>бидай - бес қап" атты ертеңі мазмұнымен тәнисстыру, адамның жақсы қасиеттері жөнінде мағлұматтар беру, адам еңбегінің маңызы туралы ұғымдар негіздерін қалыптастыру.</p>	<p>сақтауды, зейінді дамыту. Барысы: педагог балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар айтады, балалар жұмбақтың шешімін тауып, суреттерден сәйкес мезгілдерді тауып тақтаға іледі. (сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен тәнису)</p>	<p>иelerінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана тандайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, танқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай темір шарлармен).</p> <ol style="list-style-type: none"> Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, қол төменде. Балалар кішкентай темір шарларын жоғары көтеріп, екі қолмен сылдырлатады. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталаңады). Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, қол төменде. Қолды он жаққа жіберіп, кішкентай темір шарларды сылдырлатады. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталаңады). Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, кішкентай темір шар ұстаған қолдар екі жақта. Аяқтарын жинап, кішкентай темір шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады. 				

	<p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дene бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Кішкентай темір шарларды артқа ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дene шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айтуды. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жууды, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
Үйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендегі дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Қатар-қатарға тұрайық, Марш басайық! Марш басайық! Мінеки, қандай балалар! Марш басады сарбаздар!</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендегі дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Балалар, қане, күлейік, Ән-күйлермен бөлісейік.</p> <p>Шенберге шығып жүріп,</p> <p>Әдемі биді билейік.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендегі дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Сәлеметсіндер ме, балалар!</p> <p>Сәлеметсіндер ме, ағаштар!</p> <p>Сәлеметсіндер ме, үйлер!</p> <p>Сәлеметсіндер ме, гүлдер!</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендегі дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Неткен әдемі біздің әлем!</p> <p>Ғажайыптарға "Сәлем!"</p> <p>Ғажайыптардан көз алмайсын,</p> <p>Куанып, бәрін кызықтайсын!</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсендегі дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>- Балалар, қане, күлейік, Ән-күйлермен бөлісейік.</p> <p>Шенберге шығып жүріп,</p> <p>Әдемі биді билейік.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>

<p>Мектепке дейінгі үйым кестесі бойынша үйимдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Зырылдайды трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертип жүгіру қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық додага кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; шенбердің ішіне және сыртына секіруге жаттықтыру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Гүлдей жайнап беріміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тындау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғакты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.</p>	<p>Музыка "Алақай, жаз келді!" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаз туралы әуенді тындау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғакты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Көркі ғажап көктемгі еңбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру; допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру дағдыларын дамыту; оку қызметін пысықтау.</p>	<p>Қазақ тілі "Адамдардың көктемгі еңбегі" Мақсат-міндеттер. Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруді үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беру, білімдерін бекіту. Жұмбақ шешу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру. Суреттерге және жиқ қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сактау, жағымды көніл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Ересек адамдардың еңбегін құрметтеу, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырылышқа, қамқорлық сезімдеріне баулу.</p>
<p>2- таңғы ас</p>	<p>Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген үмтүліктерін қолдана: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға</p>				

баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Серуен	<p>Бұлтты аспанды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға бұлтты құн райы туралы үғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, бұлттардың сұр болса, жаңбыр жауыны болуы мүмкіндігі туралы байқату.</p> <p>"Туган елдің көктемі".</p> <p>Маржан жаңбыр Жауды да бір Кемпірқосақ керілді. Жарқ етті де, аунады қыр, Ырзық дәні себілді. Ш. Мәмбетов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылشاқтар арқылы құмнан тазалауға шакыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>Дөңгелек салынған суреттерді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Асфальт бетіне түрлі-түсті бормен салынған дөңгелектерді бақылауға ынталандыру;</p> <p>түсігін, ой-қиялын дамыту.</p> <p>- Балалар, асфальт бетінде нені көріп тұрсындар?</p> <p>"Күлімдеген дөңгелектер".</p> <p>- Дөңгелектер, дөңгелектер, Түрлі құлімдеген беттер.</p> <p>Міне, Дананың беті, Міне, Аланның беті, Міне – құлімдеген мен,</p> <p>Міне, құлімдеген сен.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды тазалауға шакыру.</p> <p>балаларды сұхбатхананы тазалауға шакыру.</p>	<p>Күмды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалар құмның себіліп қолдың арасынан түскенін, дымқыл құмның белгілі денеге айланатынын көрсету; күмды "құрғақ" немесе "дымқыл" деуге ынталандыру, тәжірибе жасату.</p> <p>- Дымқыл құм сазбалышқтай.</p> <p>Қолға алмайсың қалай?</p> <p>Қолға алса, домалатса Болады құм бауыrsaқтай.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды құмның бетін ағаштан түсіп қалған ұсақ, қоқыстардан тазалауға шакыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Жаңбырлы құнді бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңбырлы құн райын бақылауға машиқтандыру, жаңбыр, кемпірқосақ құбылыстарын ажыратуға үйрету.</p> <p>- Балалар, қазір құн шығып тұр ма? Неге? Иә, бұл жаңбырлы құн. "Тұн қалдырмай қуып өтті". Тұн қалдырмай қуып өтті, Нөсер көкті жуып өтті.</p> <p>Жалғыз ғана көгенге ұқсан Қала берді кемпірқосақ.</p> <p>К. Мырзалиев.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шакыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Құмырсқаларды бақылау. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын жәндіктердің, құмырсқалардың қимылдарына аудару; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Балалар, мынау құмырсқалар. Қайталайықшы. Тамаша. Құмырсқалар тынымсыз жәндіктер, жанталасып жүгіріп жүреді.</p> <p>"Құмырсқалар". Құмырсқалар, Құмырсқалар, Құмырсқалар, Жұмыспенен құн қысқарап. Тыным жоқ-ау Өздерінде, Қызып алған Кездерінде Тасисындар көрінгенди, Білмейсіндер Ерінгенди. К. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды участкедегі орындықтарды қылшақтар арқылы құмнан</p>

	<p>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Күн шықты – балалар ойнады. - Күн тығылды – жаңбыр жауды. <p>"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, кос аяқпен секіруге жаттықтыру.</p> <p>Еркін ойын</p>	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу;</p> <p>тазалық әдетін дамыту.</p> <p>"Босқа біз тұрмайық" қимылды жаттығуы.</p> <p>"Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың бір сапқа тізіліп, бірінің соңынан бірі (бір-біріне соғылмай) жүру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>- Босқа біз тұрмайық, Құлышақ болайық, Аяқтармен соқ-соқ. Секіреміз тоқ-тоқ. Оң жаққа қолды сермен, Сол жаққа қолды сермен. Аяқты көтереміз, Сап түзеп жүреміз. Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларда нысанага</p>	<p>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.</p> <p>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды бір орнынан үзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p> <p>Еркін ойын</p>	<p>тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Құмырсқалар" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың бір сапқа тұрып, бір-бірінен соң жүгіре білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Педагог балаларды өзінің соңынан сапқа тұрғызып, балаларға өзі көрсеткен бағыттарға жүгіруді көрсетіп қадағалайды.</p> <p>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды бір орнынан үзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-тендік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p> <p>Еркін ойын</p>
--	---	--	--	--

	<p>қолға рульді ұстаған үқсал, ары-бері, жанжакқа бағыттап жүгіру;</p> <ul style="list-style-type: none"> - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - <p>Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам -</p> <p>Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам -</p> <p>Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі.</p> <p>Еркін ойын</p>	(допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. Еркін ойын	
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)		
Тұсқі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көніл-куй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айтуду. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сурту.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма.</p>		

	Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)
Түскі үйкес	Балалардың тыныш үйіктауына жайлы жағдай туғызу.
Біртіндеп үйкесдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалau.</p> <p>Балалар әуезді музықа әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығуын орындаиды.</p> <p>Басты онға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бұғіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету.</p> <p>"Көңілді аяқтар" жаттығуы.</p> <p>Аяқтарды биік көтер, міне, былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп!</p> <p>Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Токтат! Токтат!</p> <p>Шынықтыру шаралары. Дымқыл сұлгімен сүртіну. Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту.</p> <p>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығуы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)</p>
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарастау және басқалар)	<p>Коршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жаңбырдың пайдасы". Мақсат-міндеттер. Балалардың жансыз табиғат құбылыстары арқылы көзben қабылдау мен фонематикалық есту</p> <p>Ойын-имитация. "Көктемгі бау-бақша". Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын алаңында немесе аулада жүріп, педагогтің қимылына еліктеуге</p> <p>Коршаган ортамен танысудан ойын-жаттығу "Балабақша ауласындағы ағаштар". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың пішіндері мен түстеріне қарап, бастапқы санға сай, саны сонша затты түстастырып, салыстыру</p> <p>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Құлыншақтарға сыйлық". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттардың пішіндері мен түстеріне қарап, бастапқы санға сай, саны сонша затты түстастырып, салыстыру</p> <p>"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруға үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сактауды дамыту.</p>

	<p>қабілетін, есте сақтау қабілеті мен логикалық пайымдауын және шығармашылығын дамыту.</p>	<p>ынталандыру; ой-қиялын, түйсігін, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар: қатпа қағаздарда қылған гүлдердің бастары (педагог оларды алаңға жайып салады).</p> <p>"Көктемгі бау-бақша".</p> <p>Жауындарды шақырып, Күнде күтіп жүреміз. Бау-бақшаның гүлдерін, Тамашалап көреміз. Көбелектер, жәндіктер Ұшып қонды гүлдерге, Нәрін татып, нәзіктер Бау-бақшаға келуде.</p> <p>Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>ауласындағы ағаштар туралы білімдерін қалыптастыру; олардың пайdasы туралы түсінік беру; ағаштарды қорғап, қамқорлық жасай білуге үйрету; көктемде ағашты бақылау дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>тәсілдерін жетілдіру; заттарды тең екі топқа бөлу үшін, әрқайсысын бір-біреуден екі жаққа, екі бөлек қатарға жинау дағдыларын жетілдіру; сәйкестендіру нәтижесін атап айту амалдарын игерту; қағаз бетін бағдарлау, көзben мөлшерлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Барысы: балалар кезекпен себеттен суреттерді алады, суреттегі жемістерді атайды және осы жемістен алынған шырын қалай аталағынын айтады.</p> <p>Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны".</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Артикуляциялық жаттығу.</p> <p>Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай. Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек Қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс</p>	<p>"Көбелек" тақпагын айтқызу.</p> <p>Бала тілін дамыту.</p> <p>"Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)</p> <p>Сен де қудың көбелек, Мен де қудым көбелек, Жүйрік екен керемет,</p>	<p>"Ағаш, бұта, гүл" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін</p>	<p>Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату.</p> <ol style="list-style-type: none"> Еңбек - ата, жер- ана. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің дәмі тәтті. Бейнетің қатты болса, 	<p>"Қызгалдақ" өлеңін жаттау.</p> <p>Жомарт мынау табиғат Өсіргендей бізге арнап. Қып-қызыл бол жалындал, Қырға өседі қызгалдақ. Р.Тышқанбаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>

	дыбысталуын қадағалап, балаларға бірнеше рет айтқызу. (сөйлеуді дамыту)	Үстаппады, не керек?! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	дамыту. Барысы: жүргізуші "Ағаш, бұта, гүл ..." деген сөздерді айтады және балаларды айналып өтеді. Тоқтатып, бір баланы көрсетіп, үшке дейін санайды, бала жүргізушінің тоқтаған жерін тез атаяу керек. Бала айтып үлгемесе немесе қате жауап айтса ойыннан шығады. Барлық ойыншылар ойыннан шыққанша дейін ойнатылады. (коршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Татқаның тәтті болар. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген үмтүліктердің қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішү құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Тұскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуда машиқтанылу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішү мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айтуда. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жууда, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сұрту. <i>Көркем сөз</i>				

	<p>Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарau және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйызғы, металлафон, қонырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мұсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (математика негіздері)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктегі бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Баланың эмоциялық жағдайы.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Үйдегі жағдайда балабақшаның күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыру".</p>	<p>"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.</p>	<p>"Балабақшадағы біздің жетістіктеріміз" тақырыбындағы көрме.</p>	<p>Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруда ата-аналарға кеңес беру.</p>